



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В  
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT  
OF A NEW REALITY”**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

**УДК 657.6**  
**ББК 65.053**  
**С23**

**С23** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

**ISBN 978-601-337-598-4**

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

**ISBN 978-601-337-598-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми интернет-ресурсы – [Электрондық ресурс] [http://kvga.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?guest\\_user=anonymous\\_kgip](http://kvga.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?guest_user=anonymous_kgip)

## **АУДИТОРЛАРДЫҢ КӘСІБИЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ**

*Мақым Ы.Е., Төлеуова А.Т.*

**E-mail:** [yrysgul655@gmail.com](mailto:yrysgul655@gmail.com); [aimara\\_2001@mail.ru](mailto:aimara_2001@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: **Бейсенова Л.З.**

### **Аннотация**

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит саласын дамыту жолындағы кәсібилігі мен біліктілігі жоғары деңгейдегі кадрмен мемлекеттік аудит органдарын қамтамыз етудің рөлі ерекше болып табылады. Бұл мақалада мемлекеттік аудиторлардың кәсіби біліктілігін арттырудың маңыздылығын айшықтап, оны жетілдірудің тиімді әдістерін қарастырылады. Шетел тәжірибесіндегі тиімді әсер берген мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін арттырудағы жолдарды, факторларды көрсетеді. Өзіндік тиімділікті және де білімді үздіксіз жетілдіріп отыру аудиторлық қызметтің сапасын арттырады. Дамыту жолындағы озық технологиялардың ерекше орны және де ұжым арасындағы ынтымақтастық пен қарым қатынастың маңыздылығы қарастырылады. Білім алмасу мемлекеттік аудиторлардың кәсібилігін арттырудағы ең тиімді әдіс ретінде көрсетілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудиторларды сертификаттау мен қайта даярлау маңызы айқындалды.

### **Аннотация**

Особую роль в развитии сферы государственного аудита в Республике Казахстан играет обеспечение органов государственного аудита кадрами высокого уровня профессионализма и квалификации. В данной статье рассматривается важность повышения профессиональной квалификации государственных аудиторов и рассматриваются эффективные методы ее совершенствования. Более того, статья отражает факторы, пути повышения квалификации государственных аудиторов, оказывающих эффективное влияние на зарубежный опыт. Непрерывное совершенствование самоэффективности и знаний повышает качество аудиторской деятельности. Рассматривается особое место передовых технологий на пути развития, а также важность

сотрудничества и взаимоотношений между коллективами. Обмен знаниями показан как наиболее эффективный метод повышения профессионализма государственных аудиторов. Кроме того, определено значение сертификации и переподготовки государственных аудиторов в Республике Казахстан.

### **Abstract**

A special role in the development of the sector of state audit in the Republic of Kazakhstan is played by the provision of state audit bodies with personnel of a high level of professionalism and qualification. This article shows the importance of improving the professional skills of state auditors and demonstrates effective methods for improving it. Moreover, the article reflects the factors and ways of improving the skills of state auditors that have an effective impact on foreign experience. Continuous improvement of self-efficacy and knowledge improves the quality of audit activities. The special place of advanced technologies on the development path is considered, as well as the importance of cooperation and relationships between teams. Knowledge sharing is shown as the most effective method of improving the professionalism of state auditors. In addition, the importance of certification and retraining of state auditors in the Republic of Kazakhstan is determined.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудитор, кәсібилік, біліктілік, тәжірибе, өзіндік тиімділік, Қазақстан Республикасы, сапа, әдіс, сертификаттау

Мемлекеттік аудитордың біліктілігі мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізудің дұрыстығы үшін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Аудитордың кәсіби дамуы мен үздіксіз біліктілігін арттыру, аудиттің сапасына айтарлықтай әсер етеді. Оқу барысында алынған білім мен дағдылар арқылы, аудитор өзінің кәсіби пікірін одан әрі тиімді білдіруді жетілдіреді. Роберт Нитчел, Николь Стефенс және Донна Бобик секілді бірқатар ғалымдардың пайымдауынша аудит сапасын арттырудың бірнеше факторлары бар:

Біріншіден, мамандардың білімі мен дағдылары, яғни кәсібилік.

Екіншіден, бұзушылықтарды анықтау, аудит рәсімі, талдау, тәуекелді бағалау аудиті және соңғысы, бұл ішкі бақылау жүйесі болып табылады. Сондықтан аудиторларды кәсібилендіру мемлекеттік аудитті дамытудағы маңызды аспект болып табылады.[1]

Аудитордың кәсібилігін арттыру дегенді қалай түсінуге болады? Бұл аудитордың жеке өсуін және кәсіби дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз ететін процесс, нәтижесінде маманға жұмыс рәсімдерін жетілдіріп, аудиторлық есептердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі динамикалық және жоғарғы дамыған дағдылар талап етілетін экономикалық ортада кәсіби аудиторлар өздерінің құзыреттіліктерін сақтап, ағымдағы оқиғаларды білуі керек, осының арқасында олар тиісті дағдылар мен сақтықпен әрекет ете алады. Үздіксіз кәсіби даму, мемлекеттік аудиторға кәсіби ортада құзыретті жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға және қолдап отыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит саласы әлі де даму жолында. Соның өзінде де қысқа мерзім ішінде талай жетістікке жетіп үлгерді. Дүниежүзіндегі мемлекеттердің озық тәжірибесін ала отырып, мемлекеттік аудиттің жоғары деңгейге көтеріліп келе жатқанын байқауға болады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит жүйесін кадрлармен қамтамасыз етудің 3 бағыты бар:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйелерінде мемлекеттік аудиторларды дайындау.

2) «мемлекеттік аудитор» біліктілігіне үміткер тұлғаларды сертификаттауды жүргізу.

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Бірінші бағыт бойынша Есеп комитетінің бастамасымен «Мемлекеттік аудит» мамандығы 2016 жылы классификаторға енгізілген болатын. Сонымен қатар, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі РОӘК Оқу-әдістемелік бірлестігі ашылған болатын. ҚР БЖҒМ РОӘК ОӘБ қысқа мерзімде қажетті типтік оқу жоспарлары, бағдарламалары даярланып, республиканың жоғарғы оқу орындарында алғашқы қабылдау жүргізілді.

Кадрлық қамтамасыз етудің екінші бағытында «мемлекеттік аудитор» біліктілігіне үміткер тұлғаларды сертификаттау жүргізіледі. 2017 жылдың бірінші қаңтарынан бастап мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің біліктілігі міндетті түрде мемлекеттік аудитор сертификатымен расталуы тиіс. Сертификаттау, негізінен, мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың кәсіби, іскерлік қасиеттерінің, әлеуеттік мүмкіндіктерінің жанжақты және объективті сипаттамасын алу мақсатында жүргізіледі. Сертификаттауды жүзеге асыру үшін арнайы сертификаттау жөніндегі Ұлттық комиссия құрылған. [6]

“Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы” Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 12 қарашасында қабылданған заңға және де “Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы” Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысы сәйкес мемлекеттік аудитор болудың арнайы шарттары бар:

Біріншіден, экономика, менеджмент, қаржы, есеп және аудит, мемлекеттік және жергілікті басқару, мемлекеттік аудит, құқық саласында жоғары білімі және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы қажет;

Екіншіден, кемінде үш жыл жұмыс өтілі болуы міндетті.

Үшіншіден, арнайы тәртіпте емтихан тапсыру қажет. Емтиханнан өткен жағдайда ғана, мемлекеттік аудитор куәлігі беріледі. [7]

Мемлекеттік аудитор куәлігін алғаннан кейін, осы біліммен тоқтап қалмай, әрдайым жетілдіріп отыру қажет.

Үшінші бағытқа сәйкес, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүргізіледі. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру, ЕК және ІМАК бірлесіп әзірленіп, бекітілетін Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Қайта даярлау дегеніміз бұл – басқа кәсіп немесе мамандық меңгеруге мүмкіндік кәсіптік оқыту нысаны, ал біліктілікті арттыру – мемлекеттік аудитордың бұрын алған кәсіби білімін, шеберлігі мен дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін қосымша білім беру нысаны болып табылады. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру арқылы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын білікті қызметкерлермен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік аудиторлар болса, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында жаңа теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды алуға және оларды жаңартып отыруға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, алған теориялық білімдері мен кәсіби дағдыларын тәжірибеде қалыптастырады, бекітеді және жинақтайды. [5]

Бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудиторларды даярлау және олардың кәсібилігін арттыру жолдары болып табылады. Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек, өзге елдермен ұқсас әдістер де бар. Мысалға, Швецияны қарастырсақ, олардың аудиторларды даярлау жүйесі төрт кезеңнен тұрады:

1 кезең - жоғарғы оқу орындарында негізгі білім беру;

2 кезең - негізгі аудиторлық дайындықтан өтетін арнайы оқу орындары арқылы оқыту (теориялық базаны кеңейту және аудиторлық фирмалар мен ұйымдарда тәжірибеден өту);

3 кезеңде - екінші кезең емтиханын тапсырғаннан кейін 5 жыл мерзімге уәкілетті және бекітілген аудитор мәртебесіне алуға мүмкіндік туады;

4 кезең - аудиторлардың біліктілігін арттыру институты жүйесі арқылы жыл сайынғы біліктілікті арттыруды көздейді. Қазақстан Республикасымен салыстырғанда тек бір ғана айырмашылықты байқай аламыз, ол арнайы оқу орындарында білім алу. Біздің елімізде бұл кезең бірінші кезеңмен қатар жүргізіледі. Яғни, болашақ мамандардың жоғарғы оқу орындарында кәсіби тәжірибе алуға мүмкіндіктері туады.

Сонымен қатар, Италия мемлекеттік аудитті реттеу бойынша жоғары дамыған елдердің қатарына жатады. Онда аудиторларға қойылатын басты талаптар - мінсіз беделі мен тәуелсіздігі болып табылады. Италияда үміткерлер аудит жүргізу құқығын алу үшін бухгалтерлік есеп, заң, есептеу техникасы және информатика бойынша емтихан тапсыруы қажет. Емтихан тапсыруды Италияның Әділет министрлігі бақылайды. Италияда банктер де, мемлекеттік органдар да инвестор немесе несие беруші ретінде әрекет ететіндіктен, мемлекет оларға бөлінген қаражатты тиімді пайдалануға мүдделі. Сондықтан

мемлекеттік бақылау органдары бизнестің қаржылық мүмкіндіктерін бақылайды. [8]

Өзге де шетелдік тәжірибе көрсеткендей, тәжірибе - аудит тиімділігінің маңызды факторларының бірі. Аудиторлық тәжірибе мен маманның білімі және де оның кәсібилігін арттыру кәсіби пайымға оң әсер етеді. Осылайша, жастың, тәжірибенің және лауазымның өсуіне байланысты мемлекеттік аудиторлар сыни қателіктерді анықтауға, процестерді талдауға, аудиторлық тәуекелдерді бағалауға, ішкі бақылау қателіктерін анықтауға, күрделі дәлелдемелер кестесінің дұрыстығын тексеруге және кәсіби шешімдер қабылдауға дайын болады.

Мемлекеттік аудиторлардың кәсібилігін арттырудың тиімді әдістердің бірі - аудит барысында білім алмасу болып табылады. Яғни, тәжірибесі мол аудиторлар, жаңа куәлік алған аудиторларға қол ұшын созу керек.

Білім алмасуды жеңілдету үшін жұмысқа қабылдау және іріктеу кезінде жаңа тұжырымдамалар мен әдістерді қолдана отырып оқуға дайын адамдарға көбірек көңіл бөлу керек. Аудиторлық ұйымдар қызметкерлерді жалдау саясатына нақты басшылықты қамтуы қажет, бұл қызметкерлерге жеке құрамының ерекшеліктерін көрсететін ұйымдық мақсаттар мен құндылықтарға сәйкес келетін кандидаттарды анықтауға көмектеседі, олар әдетте ұжымда тиімді жұмыс істей алу және білімдерімен алмасу қабілетімен байланысты. Сонымен қатар, аудиторлық ұйымдар оқыту желілерін кеңейту үшін дәстүрлі шекаралардан жаңа қатынастар орнатуға көмектесетін технологияны қолданулары керек. Себебі, аудиторлық қызметтің сапасын арттыру стратегиясының бірі - заманауи технологияны қолдану. Технологиялық жетістіктер аудиторларға аудиторлармен өзара іс-қимыл жасауға, олардың кеңселерінде немесе қашықтықтан клиенттердің жұмыс орындарында электронды сауалнама жүргізуге мүмкіндік береді. Аудиторлық бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыс құжаттарын дайындауға кететін уақытты қысқартады және бұл Қазақстан үшін өте маңызды, адамдар арасында тікелей байланыс орнатады. Сонымен қатар, қызметкерлер аудиттің нақты мәселелерін шешу үшін озық тәжірибелерге, зерттеулерге, сауалнамаларға, статистикаға және сараптамаларға қол жеткізе алады. [4]

Өзара коучингті, тәлімгерлік үйірмелерін және серіктестерді пайдалану адамдарға өздерінің даму желілерін құруға мүмкіндік бере алады. Сонымен қатар, аудиторлық органдар жас буын тәжірибесін мыңжылдық жасампаздықпен үйлестіру үшін білімді бөлісуге, өзара оқытуға және жұмыс орнын стратегиялық түрде ауыстыруға ықпал етуі керек. Бұл тәжірибе революциялық жаңашылдыққа әкелуі мүмкін. [2]

Білім аудитті дайындаудың негізгі факторы болып табылатынын ұмытпау қажет. Сондықтан да аудиторлар өзіндік тиімділікті дамытып отырулары міндетті. Өзіндік тиімділік дегеніміз - жеке тұлғаның іс-әрекеттеріне, оның мотивацияға, мақсаттарына жетудегі табандылыққа әсер ететін, өз қабілеттеріне субъективті көзқарасы болып табылады. Бұл мақсатты жеке таңдауға, күш-жігерді жұмсаудың сипаты мен әдісіне, қиындықтарды жеңуге,

сондай-ақ табандылық пен мақсаттылықтың көрінісіне әсер етеді. Өзіндік тиімділігі жоғары аудиторлар ресурстарды бөлу, жағдайды бақылау және маңызды шешімдер қабылдау қабілетіне сенімдірек болып келеді. Олар кері байланыс туралы көбірек біледі және әрқашан мәселелердің шешімін табуға тырысады, бұл өз кезегінде аудиттің сапасына оң әсер етеді. Осылайша, міндеттерді сәтті шешу және аудиторлық іс-шараны орындау үшін мемлекеттік аудитор өзінің тәжірибесіне, білімі мен танымдық қабілеттеріне сүйенуі керек. Нақты білім жинақталып, аудит дағдылары дамыған сайын аудиторлар кәсіби және жан-жақты аудиторлық есептерді дайындауға бейім болады. [3]

#### Қорытынды

Қорытындылай келе, мемлекеттік аудиторлардың кәсібилігін арттырудың бірнеше тиімді әдістері бар. Ең тиімді әдіс ретінде білім және тәжірибе алмасуды айта аламыз. Ұжым мүшелері арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты дамыту ұжымның жалпы жұмысын жақсартады, сондықтан тығыз және жақсы қарым-қатынас аудит нәтижелерінің сапасын арттырады. Осындай іс-шараларды жүргізіп отыру, аудит сапасына оң әсерін тигізеді. Екіншіден, кәсіби дайындық пен қызметкерлерді мұқият таңдау аудиторлық процестерді жақсартады, бұл өз кезегінде аудит нәтижелеріне тиімді әсер етеді. Жұмысқа қабылдау кезінде үміткерлердің тиісті білім деңгейін ескеру, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған аудиторлардың біліктілігін үнемі жақсартуды қамтамасыз ету маңызды.

Үшіншіден, заманауи ақпараттық технологияларды уақтылы қолдану ұйымдастырушылық инновацияларға әкеледі және бизнес-процестерді қайта қарауды жеңілдетеді, ал қолайлы бәсекелік динамика мемлекеттік аудит органдары қызметінің тиімділігін арттырады. Сондықтан аудиторлық кәсіптің құнын арттыру үшін жаңа технологиялар түрлеріне үнемі бейімделу және аудиторлық тұжырымдамалар жаңарып отыруы қажет.

Аудиторлардың өз бетінше дамуға деген құлшынысы да мемлекеттік аудиттің сапасын жоғарылатудың айрықша белгісі екенін де ұмытпау қажет. Атап өткеніміздей, аудиторлардың алған білімі мен дағдылары оның кәсіби пайымын жетілдіріп отырады.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Bobek D.D., Daugherty B.E., Radtke R.R. Resolving Audit Engagement Challenges through Communication. Auditing: A Journal of Practice & Theory. 2012. Vol. 31. N. 4. P. 21–45.- <http://www.aaajournals.org/doi/pdf/10.2308/ajpt-50210>
2. Stephens N.M. External Auditor Characteristics and Internal Control Reporting Under SOX section 302. Managerial Auditing Journal. 2011. Vol. 26. N. 2. P. 114–129.- <https://www.emeraldinsight.com/doi/pdfplus/10.1108/02686901111095001>
3. Бексултанов А.А., Дуламбаева Р.Т., Зиядин С. Анализ факторов, влияющих на качество государственного аудита в Казахстане.- <https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/310/analiz-faktorov->



[vliyayuschih-na-kachestvo-gosudarstvennogo-audita-v-kazahstane.pdf?sequence=1&isAllowed=y](http://vliyayuschih-na-kachestvo-gosudarstvennogo-audita-v-kazahstane.pdf?sequence=1&isAllowed=y)

4. Shue-Ching Lee, Jau-Ming Su, Sang-Bing Tsai. A comprehensive survey of government auditors' self-efficacy and professional development for improving audit quality  
<https://springerplus.springeropen.com/articles/10.1186/s40064-016-2903-0>

5. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы -  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

6. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ Заңы (03.07.2020 ж өзгерістермен) -  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

7. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысы. -  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

8. Государственный финансовый контроль. Учебник. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2018.- 385 с.

## **РОЛЬ ОРГАНОВ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ В ОБЛАСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

*Нурумов А.А.*

Д.э.н., профессор

*Бейсенова Л.З.*

К.э.н., профессор

Заведующая кафедрой “Государственный аудит”

**Аннотация.** В статье выявлена роль органа высшего образования в подготовке кадров в области государственного аудита. Положительный опыт Евразийского национального университета в реализации Плана нации 100 конкретных шагов 93 шаге которого указано «Внедрение новой системы аудита и оценки государственного аппарата». Вместе с тем, особо подчеркнута, что сфера образование это отдельная отрасль экономики со своими инвестиционными проектами и экспортным потенциалом. Таким образом, сегодня на первый план выходит повышение конкурентоспособности отечественных вузов на глобальном образовательном рынке по подготовке высококвалифицированных кадров в области государственного аудита.

**Ключевые слова.** государственный аудит, повышение квалификации кадров, сертификация, образовательная программа